

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Экономика, басқару және құқық факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің
№ 1 хаттамасы

Түркістан қаласы

02.09.2024 ж.

Қатысқандар: факультет деканы Акимов Жақсылық Махмұтұлы, факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы аға оқытушы А.Алимбаева, оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Байбахов, кафедра меңгерушілері: э.ғ.к., профессор Азиретбергенова Гульмира Жарылхасыновна, PhD, доцент Құралбаев Алмас Ахметкаримович, PhD, Анламасова Макпал Касымхановна, PhD, Шалхаров Ернар Сайлаубекович, кафедралардың оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушылар: М.Оспанкулова, А.Алимбаева, Қ.Қаныбекова, Б.Шарханова және ОПҚ.

Күн тәртібі :

1. Факультеттің оқу-әдістемелік комитет құрамын және жоспарын әзірлеу және бекітуге ұсыну.
2. 2024 - 2025 оқу жылында факультеттің оқытушы профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдар жоспарын бекітуге ұсыну.
3. 2024-2025 қабылданған білімгерлер үшін білім беру бағдарламалары бойынша элективті пәндер каталогын бекітуге ұсыну.
4. 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламаларын, силлабустарын және оқу-әдістемелік кешендерін, БӨЖ, ОБӨЖ дайындаудың әдістемелік нұсқауын, кестесін және іс-тәжірибе бойынша әдістемелік нұсқауларды талқылап, бекітуге ұсыну.
5. Факультетке қарасты БББ-ның 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндер тізімін талқылап, бекітуге ұсыну
6. Кафедралардың 2024-2025 оқу жылына қарасты жоспарларын және индикативті жоспарларын талқылап, бекітуге ұсыну.
7. 2024-2025 оқу жылында өтілетін ашық (ақылдасу сабақтары, мастер кластар) сабақтарының кестесін, әдістемелік семинарлардың кестесін, ақылдасу сабақтарының сарапшылары тізімін бекітуге ұсыну.
8. Оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын бекітуге ұсыну.
9. 2024-2025 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау түрін бекітуге ұсыну.
10. Оқытылатын пәннің бейініне сәйкес оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспарын бекітуге ұсыну.
11. Кафедралардың білім беру бағдарламалары бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік жағдайы.
12. Өртүрлі мәселелер

Бірінші мәселе бойынша: Факультет деканы PhD., аға оқытушы Ж.Акимов сөз алып, оқу-әдістемелік комитет мүшелерін жаңа 2024-2025 оқу жылының басталуымен құттықтады. Факультеттің оқу-әдістемелік комитетінің төрағасы аға оқытушы А.А.Алимбаева өз жұмысын жалғастыратындығын хабарлады. Факультетте төрт кафедра жұмыс жасайды. Кафедра меңгерушілерінің ұсыныстары бойынша факультеттің Оқу-әдістемелік комитет құрамына төмендегі оқытушыларды ұсынамын:

1. Факультеттің Оқу-әдістемелік комитет төрағасы- А.А.Алимбаева
 2. Менеджмент және туризм кафедрасының Оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушы – Б.Шарханова
 3. Құқықтану кафедрасының Оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушы – А.Алимбаева
 4. Халықаралық қатынастар кафедрасының Оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушы – Қ.Қаныбекова
 5. Экономика, қаржы және есеп кафедрасының Оқу-әдістемелік жұмыстарына жауапты оқытушы – М.Оспанкулова.
- Оқу- әдістемелік комитет мәжілісінің жоспары бойынша 10 әдістемелік кеңес отырысы жоспарлануда. Комитет мүшелері бірауыздан қолдады.

Шешім: 1 Факультеттің Оқу- әдістемелік комитет төрағасы А.А.Алимбаева, мүшелері: Б.Шарханова, А.Алимбаева, Қ.Қаныбекова, М.Оспанкулова бекітілсін. 2024-2025 оқу жылына арналған факультет Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің жоспары бекітілуге ұсынылсын.

Екінші мәселе бойынша факультет деканы Ж.М.Акимов сөз алып, 2024-2025 оқу жылында факультет оқытушы-профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдар жоспарымен таныстырды. Оқу әдістемелік комитет төрағасы А.Алимбаева, кафедраларда бірқатар пәндер бойынша оқу басылымдарының ескіргендігі және саны жағынан жеткіліксіздігі, білім беру бағдарламаларында ұсынылған пәндердің мазмұнын толық қамтымайтындығын және қазақ тіліндегі басылымдардың аз болуы мәселелері бар екендігін айтты және әзірленген жоспарда осы мәселе ескерілгендігін баяндады. Оқу әдістемелік комитет мүшелері М.Оспанкулова, А.Алимбаева, Қ.Қаныбекова, Б.Шарханова Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесіне 1-қосымша талаптары бойынша келесі ақпаратты ұсынды (қосымша 1).

Факультет бойынша 24 оқу басылымы жоспарланып отыр, оның ішінде Құқықтану кафедрасы бойынша 4- оқу құралы және 2- оқу әдістемелік құрал. Менеджмент және туризм кафедрасы бойынша 3 -оқу құралы, 4-оқулық. Халықаралық қатынастар кафедрасы бойынша 2- оқу құралы, 2- оқу әдістемелік құрал, 4-оқулық. Экономика, қаржы және есеп кафедрасы бойынша 3-оқу құралы жоспарланды.

№	Оқытушының аты-жөні	Дайындалатын жұмыстың аты	Оқулық, оқу-әдістемелік нұсқау	Бет саны	Дайын болу мерзімі
	Құқықтану				
1	Мәншүк Мәжитовна Иманбекова	Қазақстан Республикасының ақпараттық құқығы	Оқулық	132 бет	Мамыр - 2025
		Азаматтық құқық (ерекше бөлім)	Оқулық	128 бет	Мамыр - 2025
2	Бахытжан Сейдұллаұлы Исахов	Қазақстан Республикасындағы Нотариат	Оқулық	112 бет	Наурыз - 2025
		Қазақстан Республикасындағы Еңбек Құқығы	Оқу құрал	116 бет	Наурыз - 2025
3	Олжас Бекболдыұлы Досекеев	Туризмді халықаралық-құқықтық реттеу.	Оқулық	148 бет	Сәуір - 2025
		Ұжымдық қауіпсіздік негіздері	Оқулық	115 бет	Сәуір - 2025

4	Ақтолқын Алмасхановна Алимбаева	Қылмыстарды саралау	Оқу-құрал	108 бет	Наурыз-2025
5	Ернар Сайлаубекұлы Шалхаров	Әлеуметтік қамсыздандыру құқығы	Оқу әдістемелік құрал	130 бет	Сәуір
6	Ержан Пернеханұлы Мергенбаев	Қазақстан Республикасындағы Адвокатура және адвокаттық қызмет	Оқу әдістемелік құрал	120 бет	Сәуір
Менеджмент және туризм					
7	Кенешбаев Бектур Жумаханович	Ғылыми зерттеу әдістері	Оқу құралы	250 бет	Ақпан 2025
8	Исаева Айжан Мухановна	Туризм саясаты және жоспарлау	Оқу құралы	160 бет	Мамыр 2025
9	Келесбаев Динмухамед Нурмухамедович	Өндірісті/Операцияларды басқару (Üretim/İşlemler Yönetimi)	Оқулық (аударма)	300 бет	Наурыз 2025
10	Келесбаев Динмухамед Нурмухамедович	Сапаны басқару (Kalite Yönetimi)	Оқулық (аударма)	200 бет	Мамыр 2025
11	Болганбаев Артур Дуйсенбекович	Корпоративтік қаржы	Оқу құралы	200 бет	Мамыр 2025
12	Момбекова Гульмира Райбековна	Тәуекелді басқару	Оқулық	300 бет	Наурыз 2025
13	Момбекова Гульмира Райбековна	Басқару шешімдерін қабылдау (Принятие управленческих решений)	Оқулық (аударма)	250 бет	Сәуір 2025
Халықаралық қатынастар					
14	PhD, аға оқытушы Аңламасова Мақпал	1. Geopolitics	Оқу құралы	133 б.	Желтоқсан 2024
		2. Саяси жүйелерді салыстырмалы талдау	Оқу құралы	150 б.	Мамыр 2025
15	PhD, аға оқытушы Тажибаев Рашид Ибрагимович	Дипломатиялық және консулдық қызмет	Оқу әдістемелік құрал	150б	Мамыр 2025
16	сая.ғ.к., аға оқытушы Нысанбаева Алия	Саясаттану негіздері пәні бойынша оқулық	Оқулық	105 б	Мамыр 2025
17	соц.ғ.к., аға оқытушы Джаппарова Раушан	Әлеуметтану негіздері пәні бойынша оқулық	Оқулық	100 б	Мамыр 2025
18	соц.ғ.к., аға оқытушы Қаныбекова Қарлығаш				
19	PhD, аға оқытушы Байбахов Нурбол				
20	Магистр Юсупов Қуаныш				
21	аға оқытушы Сәуірбаев Арман	Қазіргі заманғы Халықаралық қатынастар және Дипломатия	Оқулық	12-15б.т	Мамыр 2025
22	аға оқытушы Әбсәттар Серік	Жаңа кезеңдегі халықаралық қатынастар тарихы	Оқу-әдістемелік нұсқау	24 бет	Маусым 2025
	Магистр Асилбекова Балжан	Саясаттану негіздері пәні бойынша оқулық	Оқулық	105 б	Мамыр 2025
Экономика, қаржы және есеп					
23	Сыздыкова А.О.	Қаржы нарығында үлкен деректер және блокчейн.	Оқу құралы	5,6 б.т.	Ақпан 2025

		Оқу құралы			
24	Асанова А.С., Тілеуова С.С.	Құрылыстағы бухгалтерлік есеп және есептілік	Оқу құралы	6,0 б.т	Сәуір 2025
25	Азретбергенова Г.Ж.	Қаржылық тәуекелдерді модельдеу	Оқу құралы	5,0 б.т.	Мамыр 2025

Шешім: 2 2024-2025 оқу жылы факультет ОПҚ дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспары бекітілуге ұсынылсын.

Үшінші мәселе бойынша комитет төрағасы А.Алимбаева 2024-2025 оқу жылы қабылданған білімгерлер үшін элективті пәндер каталогін талқылауға ұсынды. Элективті пәндер каталогінде пәннің оқу мақсатын, қысқаша мазмұнын және күтілетін нәтижелерін көрсете отырып, қысқаша сияпаттамасы берілген.

Шешім: 3 2024-2025 оқу жылы қабылданған білімгерлер үшін бакалавриат, магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша элективті пәндер каталогі бекітуге ұсынылсын.

Төртінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламаларын, силлабустарын және оқу-әдістемелік кешендерін, БӨЖ, ОБӨЖ, МОӨЖ, ДӨЖ, ОДӨЖ дайындаудың әдістемелік нұсқауын, кестесін және іс-тәжірибе бойынша әдістемелік нұсқауларды талқылап, бекітуге ұсыну жөнінде кафедралардың оқу-әдістемелік жауапты тұлғалары жауап берді. Кафедра ОПҚ-ның 2024-2025 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік кешендерін бекіту (силлабус, лекция кешендері, практикалық сабақтың әдістемелік нұсқауы) жөнінде факультет деканы PhD., аға оқытушы Ж.Акимов сөз алып, кафедра ОПҚ-ның 2024-2025 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік кешендерін, силлабус, оқу бағдарламасы, әдістемелік кешен контенттерінің сапасына қарауды және жүйелі түрде жүктеуді назарға алуларын талап етті. 2024-2025 оқу жылына нақтыланған пәндер тізімі бойынша факультет оқу-әдістемелік комитетінің төрағасы А.Алимбаеваға порталға жүктелген ОӘК мониторинг жасап, қадағалауды тапсырды.

Шешім:4 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары, силлабустары, және оқу-әдістемелік кешендері, БӨЖ, БОӨЖ, МОӨЖ, ДӨЖ, ОДӨЖ дайындаудың әдістемелік нұсқаулары, кестесі, іс-тәжірибе түрлері бойынша әдістемелік нұсқаулары бекітілсін.

Бесінші мәселе бойынша кафедра меңгерушілер өз кафедрасына қарасты Білім беру бағдарламаларының пәндерін талқылауға ұсынды. 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндер: міндетті компонент пәндері, базалық компонент пәндері, жеке білім траекториясы пәндері қарастырылып, бекітуге ұсынылды.

Шешім: 5 Барлық білім беру бағдарламаларының 2024-2025 оқу жылында оқытылатын пәндер тізімі бекітуге ұсынылсын.

Алтыншы мәселе бойынша Менеджмент және туризм кафедрасының меңгерушісі А.Құралбаев сөз алып; кафедралардың индикативті жоспарларында стратегиялық мақсат-міндеттер және даму көрсеткіштері түрінде индикаторлар құрамы нақтыланған. Кафедралардың 2024-2025 оқу жылына қарасты жоспарларын және индикативті жоспарларын бекітуге ұсынамын. Бұл ұсынысты комитет мүшелері бірауыздан қолдады.

Шешім: 6 Кафедралардың 2024-2025 оқу жылына арналған жоспарлары және

индикативті жоспарлары бекітуге ұсынылсын.

Жетінші мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылында 1-семестрінде өтілетін ашық (ақылдасу сабақтары, мастер кластар) сабақтарының сарапшылары әр кафедрадан сайланды. Ашық сабақтардың өтілуі мен құжаттарының рәсімделіп ОӘК төрағасына уақытында жеткізіліп тұру қатаң тапсырылды.

Шешім: 7 Кафедра тарапынан ұсынылған 2024-2025 оқу жылына қарасты 1-семестрінде өтілетін ашық (ақылдасу сабақтары, мастер кластар), әдістемелік семинарлардың кестесі бекітілсін. (Жауапты: кафедра меңгерушілері, ОӘК төрағасы)

Сегізінші мәселе бойынша комитет төрағасы А.Алимбаева сөз алып; оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамына әр кафедрадан ұсыныстар келіп түсті. Сараптайтын эксперттік комиссияға тиісті біліктілігі бар тәжірибелі ОПК тартылды.

№	№	Сарапшының аты-жөні	Факультеті	Кафедрасы	Ғылыми дәрежесі
	1	Келесбаев Динмухамед Нурмаханбетович	Экономика, басқару және құқық	Менеджмент және туризм	Phd, профессор
	2	Шалхаров Ернар	Экономика, басқару және құқық	Құқықтану	Phd, аға оқытушы
	3	Әзіретбергенова Гүлмира	Экономика, басқару және құқық	Экономика, қаржы және есеп	э.ғ.к., профессор
	4	Қаныбекова Қарлығаш	Экономика, басқару және құқық	Халықаралық қатынастар	соц.ғ.к., аға оқытушы

Шешім: 8 Кафедра тарапынан ұсынылған 2024-2025 оқу жылына оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқулық, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамы бекітілуге ұсынылсын.

Тоғызыншы мәселе бойынша 2024-2025 оқу жылының I- жартысында факультетке қарасты кафедралар бойынша декан орынбасары Н.Байбахов сөз алып, қысқы емтихан сессияда қабылданатын емтихан түрлерін бекіту туралы айтып өтті. Емтихан түрлері жазбаша, тест, жоба қорғау, тәжірибелік болатынын айтты. Жинақталған мәліметтер бойынша 1 курс білім алушыларының емтиханды тапсыру ережесімен толық таныстырылғандығын мәлімдеді. Сонымен қатар 2024-2025 оқу жылында білім алушылардың күзгі семестріндегі пәндер бойынша қысқы сессия емтихандарды қабылдау түрін кестеде көрсетілген бойынша өткізуді, қысқы сессия емтихан кестелерін бекітуді ұсынды. (1 қосымшада)

Шешім: 9 2024-2025 оқу жылында қысқы сессия емтихандарын қабылдау формалары бекітуге ұсынылсын.

Оныншы мәселе бойынша комитет төрағасы А.Алимбаева сөз алып; оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру, оқытушылардың біліктілігін, кәсіби шеберлігін, жан-жақты арттыру үшін әдістемелік семинарлар ұйымдастыру керектігін айтты. Сондықтан 2024-2025 оқу жылында факультет ОПК үшін әдістемелік семинарлар өткізу жоспарланып отыр.

**2024-2025 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмысты бойынша факультет ОПҚ үшін
ішкі әдістемелік семинарлар жоспары**

№	Кафедра	Семинар тақырыбы	Мерзімі	Жауапты орындаушы
Экономика, басқару және құқық факультеті				
1	Құқықтану	Дәріс жүргізу барысында заңды терминологияны дұрыс қолдану	Қараша	Губайдуллин М.М.
1	Экономика, қаржы және есеп	"Мен кәсіпкермін" білім алушыларға арналған оқыту практикалық семинары	Қазан 2024	Ж.Жетібаев
2		Практикалық семинар сабақтарын интерактивті түрде дайындаудың және өткізудің өзекті әдістері.	Қараша 2024	Л.Тайжанов
3		Үй шаруашылықтары пайдаланатын заманауи қаржылық және инвестициялық құралдар	Сәуір 2025	М.Оспанкулова
1	Менеджмент және туризм	Ғылыми гранттық жобаларды әзірлеу процесі	Бектур Кенешбаев	Қазан 2024
2		Big Data	Қазан 2024	Харун Кырылмаз
3		Жобалық менеджмент	Қараша 2024	Алмас Куралбаев
4		Заманауи маркетингтік стратегиялар	Желтоқсан 2024	Артур Болганбаев
5		Тайм-менеджмент	Ақпан 2025	Гульмира Момбекова
6		Туризмдегі индустриясындағы брендинг	Наурыз 2025	Айжан Исаева
7		«Мамандығым-Болашағым» жобасы аясында жаңа мамандықтар мен кәсіптер картасын (атласын) жасау әдісі	Сәуір 2025	Динмухаммед Келесбаев
8		Развитие этнотуризма в Казахстане	Мамыр 2025	Жаксылык Акимов
1	Халықаралық қатынастар	Индустрияльды-инновациялық процестерді социологиялық талдау	Қазан 2024ж	Магистр Юсупов Қуаныш
2		БҰҰ-ның басқа ұйымдармен ынтымақтастығы	Қараша 2024ж	аға оқытушы Сәуірбаев Арман
3		Түркі тілдес мемлекеттердегі партиялық жүйелер ерекшеліктері	Желтоқсан 2024	Магистр Асилбекова Балжан
4		Аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының (ҰҚШҰ) рөлі	Ақпан 2025	PhD, аға оқытушы Турузбеков Нуржан Пердебекович
5		Халықаралық қатынастар және дипломатия тарихын оқыту әдістемесі	Наурыз 2025	аға оқытушы Әбсәттар Серік
6		Саяси жаһандану жағымды және жағымсыз әсерлері	Сәуір 2025	сая.ғ.к., аға оқытушы Нысанбаева Алия

Шешім: 10 Оқу әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша әдістемелік семинарлардың кестесі бекітуге ұсынылсын.

Он бірінші мәселе бойынша комитет төрағасы А.Алимбаева сөз алып, ББ пәндері бойынша толық және сапалы жүктелгеніне мониторинг жүргізілгенін айтты. Мониторингтік талдау бойынша кейбір пәндер толық енгізілмеген. Алдағы уақытта барлық ББ бойынша толық енгізу керектігін айтты.

Ф-ОБ-001/065

Шешім: 11 ББ пәндері бойынша толық және сапалы жүктелуін қамтамасыз етуге кафедра меңгерушілері жауапты болып бекітілсін.

Факультеттің Оқу-әдістемелік
комитет төрағасы



А.А.Алимбаева